

Латын қарпін талқылады

С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қазақ тілін оқытатын педагогтардың біліктілігін арттыруға бағытталған «Тіл білімі және латын әліпбиі» тақырыбындағы облыстық онлайн семинар өткізілді.



Бұл туралы агенттікке облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы бөлімінің бас маманы Дәулет Темірболат айтты.

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасы және тілдерді дамыту мен қолданудың 2017-2019 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары аясын-

да 57 адам қамтылды, - дейді Дәулет Темірболат. – Аталған шара барысында С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің профессоры, қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі Айман Зейнулли-на мен гуманитарлық ғылым магистрі Баян Қожахметова Ақсу қаласы және Ертіс, Павлодар аудандарының қазақ тілі оқытушыларына дәріс оқыды. Сонымен қатар, әдістемелермен және жаңа технологиялармен таныстырып, онлайн режимінде қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына кезең-кезеңмен көшу мәселесі талқыланды.

Маманның айтуынша, мұндай семинарлар жылдың соңына дейін барлық аудандарда өткізіледі. Негізгі мақсат – онлайн режимі арқылы қашықтықтан қол жеткізу мүмкіндігін пайдалана отырып қазақ тілі оқытушыларының біліктілігін арттыру.